

ҚАЗАҚСТАН ДЗЮДОСЫ: «ШЕБЕРЛЕР» ЖАРЫСЫНДАҒЫ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІГІМІЗ ҚАНДАЙ?

→3



ДОСЫМ, ҰСТАЗЫМ ҚЫДЫРБЕК ТАЛ ТҮСКЕ АТ ШАЛДЫРДЫ

→5



ПАРИЖДЕ ТОП ЖАРУ – БАСТЫ МАҚСАТЫМ

→8


# ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы 1 қаңтардан шыға бастады | Республикалық апталық | qazaqsporty.kz | №29 (5380) 23 шілде 2022 жыл | Газет сенбі күні шығады | kazakh_sporty@mail.ru


# ШАМШАДИН – GRAND PRIX ЖЕҢІМПАЗЫ



**ӨТКЕН АПТАДА ХОРВАТИЯНЫҢ АСТАНАСЫ – ЗАГРЕБТЕ ДЗЮДОДАН КЕЗЕКТІ GRAND PRIX ТУРНИРІ ӨТТІ. ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЗДІК ДЗЮДОШЫЛАРЫ БАҚ СЫНАҒАН БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕДЕ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ СПОРТШЫЛАРЫ АРАСЫНАН ЖАЛҒЫЗ АЛТЫНДЫ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ 2015 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ МАҒЖАН ШАМШАДИН ЖЕҢІП АЛДЫ. 2024 ЖЫЛЫ ПАРИЖДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ОЛИМПИЯ ОЙЫНДАРЫНА РЕЙТИНГТІК ҰПАЙ БЕРЕТІН ДҮБІРЛІ ДОДАҒА ЕЛІМІЗДЕН 16 СПОРТШЫ ҚАТЫСТЫ.**

Хорватия татамиіндегі жарыстың алғашқы айналымдарында Мағжан Шамшадин (60 кг) 22 жастағы кубалық Данни Порте Вальдивиезоны, 28 жастағы американдық Давид Терао мен 20 жастағы испаниялық Джауме Рико Бэрнабеуді жарыс жолынан ығыстырса, ширек финалда түрікменстандық Хакберді Жумаевты жеңді. Жартылай финалда оның жолы жастар және ересектер арасындағы Еуропа ойындарының жеңімпазы франциялық тәжірибелі балуан Максим Мерлинмен қиысты. Еуропалық жарыстарда жүлде алып жүрген 24 жастағы франциялық балуан Мағжан Шамшадинмен бес жарым минут бойы күресіп, отандасымыздың осал тұсын таба алмады. Ал бас жүлде үшін өткен тартыста қандасымыз әлем және Азия чемпионатының, Азия ойындарының жүлдегері атанып жүрген оңтүстіккореялық Ким Вон Джуннан айласын асырып, Загреб төрінде Қазақстанның Әнұранын шырқатты.

Токио Олимпиадасынан кейін 66 келіге ауысқан Елдос Сметовтің әзірше жаңа салмақта жолы болар емес. 60 келіде екі мәрте Олимпия ойындарының жүлдегері, әлем чемпионатының алтын жүлдесін жеңіп алған отандасымыз Загребте жетінші орынға табан тіреді. Алғашқы айналымдарда ол былтырғы Еуропа ойындарының жеңімпазы түркиялық Эйдер Токтайді, жастар арасындағы Еуропа кубогының жеңімпазы израильдік Роналд Коколаев және сербиялық Страхиня Бунчичті жеңгенімен, ширек финалда осы жарыстың болашақ чемпионы әзербайжандық Яшар Наджафовтың осал тұсын таба алмады. Сондай-ақ 100 келіде белдескен Нұрлыхан Шархан да ширек финалда сүрінді.

Өзге спортшыларымыздың нәтижесіне тоқталар болсақ, Бекәділ Шаймерденов (81 кг), Ермахан Әнуарбеков пен Ерсұлтан Мұзаппаров (90 кг), бірінші айналымда сүрінсе, Ерлан Серікжанов (73 кг) пен Еламан Ерғалиев екінші айналымнан әріге аса алмады. Ал Нұрдәулет Аманқосов (60 кг), Алмас Ғалымов (66 кг), Абылайхан Жұбаназар (81 кг), Әділ Оразбаев (+100 кг) жарысты үшінші кезеңмен аяқтады.

Әйелдер арасындағы белдесуде ел намысын Ғалия Тыңбаева (48 кг), Салтанат Сұлтанбекова (52 кг), Бақыт Құсақбаева (57 кг) және Аруна Жангелдина (78 кг) қорғап, төртеуі де екінші айналымда сүрінді.

Әлемнің 69 елінен 500-ден аса балуан қатысқан Grand Prix жарысында жалпыкомандалық есепте Жапония мен Нидерланд құрамалары топ жарды. Екі елдің спортшылары Загребте екі алтын, екі қола медаль олжалады. Екінші орынға екі алтын медалі бар Канада құрамасы ие болса, бір алтын, екі күміс және екі қола жүлде алған Грузия спортшылары үшінші орынға табан тіреді. Бір алтыны бар Қазақстан құрамасы 10-орынға тұрақтады.

**Ақжарқын ҚҰДИЯР**

# НОРА ДЖЕРУТО – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!



**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖЕҢІЛ АТЛЕТ НОРА ДЖЕРУТО ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ АЛТЫН МЕДАЛІН ЖЕҢІП АЛДЫ.**

Дүбірлі дода АҚШ-та өтіп жатыр. 26 жастағы Джеруто 3000 метрге кедергімен жүгіруде алдына жан салмай, бұл қашықтықты 8:53.02 уақыт көрсеткішімен бағындырды. Осылайша ол әлем чемпионатының рекордын орнатты.

Нора Джеруто Кенияда туып, 2017 жылы Қазақстан азаматтығын алған. 2022 жылы ол Қазақстан атынан әлем чемпионаттарына қатысуға ресми түрде рұқсат алды.

Әйткенмен, жеңіл атлетика федерациясы теннис, ауыратлетика федерациялары секілді шетелден спортшыларды шақырып, жеңіске жетуде оңай жолды таңдап отыр. Ол қаншалықты дұрыс, қаншалықты бұрыс екенін уақыт көрсетер. Қайткенмен де, кениялық қыздың бізге алып берген тарихи жеңісі жеңілатлетиканың дамуына серпін берсе екен дейміз. Жеңіс құтты болсын, оқырман.

# ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ФИНАЛДА СҮРІНДІ

**АҚШ-ТЫҢ НЬЮПОРТ ҚАЛАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ТЕННИСТЕН ATP 250 ТУРНИРІНІҢ ФИНАЛЫНА ШЫҚҚАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРІНШІ, ӘЛЕМНІҢ 42-РАКЕТКАСЫ АЛЕКСАНДР БУБЛИК БАС ЖҮЛДЕ ҮШІН ӨТКЕН БӘСЕКЕДЕ ЖЕҢІЛІП ҚАЛДЫ.**



Қазақстандық теннисші осыған дейін бес рет АТР додаларының финалында ойнап, тек соның біреуінде ғана, биылғы Монпельедегі турнирде чемпион атанған еді. Бұл жолғы финалда А.Бублик әлемнің 41-ракеткасы американдық Максим Крессимен бас жүлдені сарапқа салды. Бірінші партия барысында қос брейк жасаған қазақстандық теннисші басым болды – 6:2. Екінші сетте де отандасымыз 3:0 есебімен алға кеткенімен, қатарынан алты геймде қарсыласына есе жіберіп, 3:6 нәтижесімен жеңіліп қалды. Ал үшінші, шешуші партияда матч тағдыры тай-брейкте шешіліп, бұл жерде американдық теннисші жеңіске жетті – 7:6 (7:3).

Сондай-ақ елордадағы ITF санатына енетін ерлер арасында М25 турнирінің финалында ойнаған отандасымыз Бейбіт Жұқаев *(суретте)* та бас жүлдеге сынық сүйем қалғанда сүрінді. Финалда әлемнің 408-ші, осы жарыстың 5-ракеткасы ретінде тіркелген өзбекстандық Сергей Фомин отандасымызды үш сетте (6:4, 2:6, 6:4) қапы қалдырып, жарыс жеңімпазы атанды.

## БАСПАСӨЗ-2022



**Мырзағали АЙТЖАНОВ,**
боксстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

*Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, **«Қазақ спорты»** газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.*

*Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!*

*«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – **64190,** кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190.***

### ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

**«Қазпошта»**

| Индексі | Жазылымды қабылдау шарттары:<br>- жеке жазылушылар үшін<br>- кәсіпорындар мен ұйымдар үшін<br>- жеңілдікпен жазылу | 1 ай (2 ай) | 3 ай (4 ай) | 6 ай | 12 ай | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 64190 | Жеке жазылушылар үшін | 446,25 | 1338,75 | 2677,50 | 5355,00 | Қала |
| | | 464,87 | 1394,61 | 2789,22 | 5578,44 | Аудан/ауыл |
| 14190 | Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 686,25 | 2058,75 | 4117,50 | 8235,00 | Қала |
| | | 704,87 | 2114,61 | 4229,22 | 8458,44 | Аудан/ауыл |

**«Эврика пресс»**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 64190 | Жеке жазылушылар үшін | 487,00 | 1461,00 | 2922,00 | 5844,00 | |
| 14190 | Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 756,00 | 2268,00 | 4536,00 | 9072,00 | |

**«Еуразия пресс»**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 64190 | Жеке жазылушылар үшін | 492,00 | 1476,00 | 2952,00 | 5904,00 | |
| 14190 | Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 761,00 | 2283,00 | 4566,00 | 9132,00 | |

**«Бектұрғанов»**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 64190 | Жеке жазылушылар үшін | 507,00 | 1521,00 | 3042,00 | 6084,00 | |

# АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТОП ЖАРДЫ



**ОСЫДАН БІР АЙ БҰРЫН МЕКСИКАДА ӨТКЕН АУЫР АТЛЕТИКАДАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА АЛТЫН АЛҒАН ЕДІГЕ ЕМБЕРДІ ЕНДІ, МІНЕ, САРЫ ҚҰРЛЫҚ БӘСЕКЕСІНДЕ ТОП ЖАРДЫ.**

Өзбекстанның астанасы – Ташкентте өтіп жатқан жастар мен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының кезекті күнінде Қазақстан құрамасының қоржыны бір алтын, бір қола жүлдемен толықты. Жасөспірімдер арасындағы 73 келі салмақта сынға түскен әлем чемпионы Емберді қоссайыста 309 (136+173 келіні еңсеріп, Азия біріншілігінің жеңімпазы атанды. Сондай-ақ ол жұлқа көтеру мен қоссайыс бәсекесінде Азия рекордын орнатты.

Ал жастар санатында 61 келіде өнер көрсеткен Азамат Төлеген қоссайыста 262 келіні еңсеріп, Азия чемпионатының қола жүлдегері атанды. Айта кетейік, бұған дейін Азия чемпионатының жасөспірімдер санатында сынға түскен қазақстандық Ерасыл Омаров та (55 кг) Сары құрлық біріншілігінің қола жүлдегері атанған еді.

45 келіге дейінгі санаттағы қыздар арасында Александра Беленко өнер көрсетті. Қоссайыс бойынша біздің спортшы 132 (58+74) келі көтеріп, 17 жасқа дейінгі қыздар арасында бесінші және 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында алтыншы орында қалып қойды.

# ЛАРАМЕН КЕЗДЕСУ МІНДЕТТЕЛДІ



**GGG WBA БЕЛБЕУІНІҢ ИЕСІ ЭРИСЛАНДИ ЛАРАМЕН (29-3-3, 17 KO) КЕЗДЕСУГЕ МІНДЕТТЕЛДІ. МҰНДАЙ ШЕШІМДІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БОКС ҰЙЫМЫ (WBA) ҚАБЫЛДАДЫ.**

Badlefthook.com мәліметінше, Головкин бұл кездесуді мексикалық Сауль «Канело» Альвареске (57-2-2, 39 КО) қарсы үшінші жекпе-жектен кейін 120 күн ішінде өткізуі керек.

Еске салайық, трилогия 17 қыркүйекке жоспарланған және екінші орта салмақ дәрежесінде өтеді: «Канелоның» барлық атағы сарапқа салынады, ал Головкин үшін бұл оның жаңа салмақтағы дебюті болмақ.

# СЕМСЕРШІЛЕРІМІЗ 99-ОРЫННЫҢ АЙНАЛАСЫНДА ЖҮР

**МЫСЫР ЕЛІНІҢ АСТАНАСЫ КАИРДЕ СЕМСЕРЛЕСУДЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТІП ЖАТЫР. БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕДЕ ЕЛІМІЗДІҢ НАМЫСЫН 15 СПОРТШЫ ҚОРҒАУДА, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ DRS_KZ.**

Жарыстың алғашқы күнінің нәтижесін назарларыңызға ұсынамыз:

***Ерлер:***
Артем Саркисян – 29-орын
Назарбай Саттархан – 70-орын
Жанат Нәбиев – 78-орын
Мұхамеделі Рахманәлі – 99-орын

***Әйелдер:***
Әйгерім Сарыбай – 61-орын
София Николайчук – 87-орын
Карина Доспай – 85-орын
Татьяна Приходько – 87-орын
Анастасия Гулик – 90-орын

Естеріңізге сала кетейік, семсерлесуден соңғы әлем чемпионаты 2019 жылы Мажарстанның бас шаһары Будапештте өтті.



# ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЕКІ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ СПОРТТЫҚ КАРЬЕРАСЫН АЯҚТАМАҚ



**МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУДАН ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЕКІ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ ЖАПОНИЯЛЫҚ ЮДЗУРУ ХАНЮ СПОРТТЫҚ КАРЬЕРАСЫН АЯҚТАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.**

Жапон жігіті Олимпиаданың алғашқы алтынын 2014 жылы иеленді. Ол кезде қазақстандық Денис Тен қола жүлдегер атанған болатын.

2018 жылы Пхенчханда (Корея Республикасы) жетістігін қайталады. Ал Бейжіңдегі ойындарда Ханю төртінші орыннан көрінді. Юдзурудың екі дүркін әлем чемпионы, ӘЧ-2017-де командалық сынның жеңімпазы және төрт құрлық чемпионы деген атақтары бар.

# ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ОЙЫНДАРДАН 4 МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ



**АҚШ-ТЫҢ АЛАБАМА ШТАТЫНДАҒЫ БИРМИНГЕМ ҚАЛАСЫНДА XI ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ОЙЫНДАР АЯҚТАЛДЫ.**

Қазақстан құрамасы мұхиттың арғы бетіне 8 спорт түрінен 16 спортшы апарған. Нәтижесі де жаман болмады. Жалпы 4 медаль (1 алтын, 2 күміс, 1 қола) жеңіп алды. Командалық есепте Қазақстан Португалиямен бірдей 37-сатыға тұрақтады.



Осы тұста АҚШ-тағы додада барлығы 73 ел жүлдеге қол жеткізгенін айта кетейік.

Каратэден Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Софья Берульцева жарыстың екінші күні өз салмағында қарсылас шақ келтірмеген еді.

Ал джиу-джитсудың неваза түрінен сынға түскен Галина Дуванова мен муай-тайдан 2 дүркін әлем чемпионы Алмаз Сәрсембеков ақтық сында сүрінді. Сондай-ақ спорттық акробатика түрінен Даниэль Диль мен Вадим Шуляр жұбы үздік үштікті түйіндеді.

Қазақстан Дүниежүзілік ойындарға алғаш рет 1993 жылы қатысқан. Ол кезде Нидерланд Корольдігінің Гаага қаласында өткен. Сол сында бізге 1 алтын, 1 күміс пен бір қола бұйырған. Ал ең нәтижелісі 2017 жылы Вроцлав қаласында (Польша) өткен ойындар болды. Бұл додада 27 спорт түрінен сынға түскен қазақстандықтар 1 алтын, 5 күміс және 2 қола медаль еншілеген.

Естеріңізге сала кетейік, Бирмингемде әлемнің әр елінен келген 3500-ден астам атлет 34 спорт түрінен 223 медаль жиынтығын сарапқа салды. Соның ішінде қазақстандық спортшылар 8 спорт түрі – кикбоксинг, садақ ату, муай-тай, джиу-джитсу, спорттық акробатика, брейкинг, WKF каратэден жүлдеге таласты.

Дүниежүзілік ойындар 1981 жылдан бастап 4 жылда бір рет, олимпия ойындарынан кейінгі жылы ұйымдастырылады. Дүниежүзілік ойындар 2001 жылдан бастап Халықаралық Олимпиада комитетінің қол астына көшті.

Әуелі тек олимпиада бағдарламасына кірмейтін спорт түрлерінен өтетін. Бертін келе 4 жылдықтың басты бәсекесіндегі спорт түрлері қосылды. Мәселен, Бирмингемде көркем гимнастика, садақ ату, құзға өрмелеу сынды олимпиадалық спорт түрінен жүлде сарапқа салынады. Ал лакросс, каноэ-марафон, дрон жарыстыру, кикбоксинг, брейк-данс, паркур мен арқан тартыс секілді спорт түрінен алғаш рет Дүниежүзілік ойындарда жарыс өтеді.



# ЛУЦЕНКО КӨШБАСШЫДАН 14 МИНУТҚА ҚАЛЫП КЕЛЕДІ

**ФРАНЦИЯДА ӨТІП ЖАТҚАН ВЕЛОСПОРТТАН «ТУР ДЕ ФРАНС» ЖАРЫСЫ МӘРЕСІНЕ ТАЯП КЕЛЕДІ. 20 ШІЛДЕДЕ ГРАНД-ТУРДЫҢ 16-КЕЗЕҢІ АЯҚТАЛДЫ.**




Бұл кезеңде қазақстандық «Астана» велоклубының экс-шабандозы канадалық Юго Уль топ жарды. Каркасон мен Фуа қалаларын жалғаған 178,5 шақырым жолды Israel – Premier Tech командасының өкілі 4 сағат 23 минут 47 секундта жүріп өтті. Мәре сызығын екінші және үшінші болып француздық Валентен Мадуа (Groupama-FDJ) мен канадалық Майкл Вудс (Israel – Premier Tech) кесті. «Астана» велокомандасынан ең үздік нәтижеге италиялық Симоне Веласко қол жеткізіп, мәреге 27-ші болып жетті.

Жалпы есепте әдеттегідей даниялық Йонас Вингегор (Jumbo-Visma) көш бастап тұр. Оның уақыт көрсеткіші – 64 сағат 28 минут 09 секунд. Ал «Астана» капитаны Алексей Луценко Вингегордан 14 минут 10 секундқа қалып келеді. Нәтижесі – 12-орын.

# БАЛУАНДАРЫМЫЗ ТУНИСТЕН 2 АЛТЫН, 3 КҮМІС ЖӘНЕ 2 ҚОЛАМЕН ОРАЛДЫ

**ТУНИСТІҢ МЕМЛЕКЕТПЕН АТТАС БАС ҚАЛАСЫНДА ЕРКІН КҮРЕС ПЕН ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІНЕН ЗУХАЙЕР СГАЙЕР ТУРНИРІ ӨТТІ.**

UWW (халықаралық күрес федерациясы) күнтізбесіне кіретін, рейтингте ұпай үлестірілетін 4 турнирдің бірі саналатын бәсекеге Қазақстан тек еркін күрес шеберлерін аттандырды.

Олардың көрсеткен нәтижесін назарларыңызға ұсынамыз:

**Еркін күрес:**
**Азамат Дәулетбеков** – алтын (86 кг)
**Әбдіманап Байгенжеев** – алтын (92 кг)
**Сырбаз Талғат** – күміс (70 кг)
**Болат Сақаев** – күміс (79 кг)




**Мамед Ибрагимов** – күміс (97 кг)
**Адлан Асқаров** – қола (65 кг)
**Әлішер Ерғали** – қола (125 кг)

Жалпы есепте бірқатар мықты бозкілем шеберін алып келген АҚШ құрамасы 1-орын алды.

# ҚАЗАҚСТАН ДЗЮДОСЫ: «ШЕБЕРЛЕР» ЖАРЫСЫНДАҒЫ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІГІМІЗ ҚАНДАЙ?


Елдос СМЕТОВ

**ГАЗЕТІМІЗДІҢ ӨТКЕН САНДАРЫНЫҢ БІРІНДЕ ДЗЮДОДАН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМА КОМАНДАСЫНЫҢ ГРАНД СЛАМ ЖАРЫСЫНДА ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ ТОҚТАЛҒАН ЕДІК. БҮГІН ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА «ШЕБЕРЛЕР» (IJF MASTERS) САЙЫСЫНДА СУЫРЫЛЫП ШЫҚҚАН САЙЫПҚЫРАНДАР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕЙМІЗ.**


Максим РАКОВ


Гүлжан ИСАНОВА


Елдос ЖҰМАХАНОВ

*«Шеберлер» турнирі дәрежесі жағынан Олимпиада мен әлем чемпионатынан кейінгі үшінші турнир саналады. Оған әр салмақ дәрежесі бойынша дүние жүзінің ең мықты деген 16 дзюдошысы қатысады. Балуандар әлемдік рейтинг арқылы, яғни, ең үздік дегендер іріктеліп алынады. Жеңіске жеткен балуандар 1800 ұпайға ие болады. Күміс жүлдегерге 1260 ұпай берілсе, қола жүлдегерлерге 900 ұпайдан, бестікке кірген балуандарға 648 ұпайдан үлестіріледі.*

*Мойындау керек, Қазақстан балуандары бұл жарыста жиі жеңіске жете бермейді. Бұған дейін жазғанымыздай, Гранд Сламнан Қазақстан балуандары барлығы 45 медаль жеңіп алса, «Шеберлер» айқасында 8 медальға ғана қол жеткіздік. Оның 2-і алтын медаль болса, 1-і күміс, қалғаны қола медаль.*

*Сонымен олар кімдер?*

## МАКСИМ РАКОВ (100 КЕЛІ) – 2012 ЖЫЛҒЫ «ШЕБЕРЛЕР» ЖАРЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ, ЕКІ МӘРТЕ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ (2010, 2010)

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық тарихында талай шыңды бағындырып, әлемдік аренада ел намысын абыроймен қорғаған балуандардың бірі Максим Раков десек артық айтқанымыз емес. Қарағанды спорт мектебінің түлегі 2010 жылы Оңтүстік Кореяның Сувон қаласында ұйымдастырылған «Шеберлер» жарысында қола жүлдеге ие болды.

М.Раков Кореядағы жетістігін араға тура бір жыл салып, Әзербайжанның Баку қаласында қайталады. 16 мықты қатысқан турнирде қола медальды қанжығасына байлады.

2012 жылы «Шеберлер» сайысы Алматы қаласында өткізілгені баршамызға белгілі. Мұндай аламан бәйгенің өтуіне сол кездегі Қазақстан дзюдо федерациясының президенті Бекет Махмұтовтың есімін ерекше атап өткен жөн. Бекет ағамыздың абыройының арқасында турнир Алматыда ұйымдастырылып, оған 9 Олимпиада чемпионы, 30-дан астам әлем чемпионаттарының жүлдегерлері қатысты.

Алатау баурайындағы аламанда 100 келі салмақта күрескен Максим Раков алтынмен апталды. Дәл сол кезде Максим команданың нағыз лидері еді. Ол іріктеу кезеңінде қарсыластарын бет қаратпады. Жартылай финалда 2010 жылғы әлем чемпионы, жапониялық Такамаса Анаи да қарағандылық балуанның қаһарына төтеп бере алмай, таза («иппон») жеңілді. Ал финалда отандасымыз Олимпиаданың (2008) қола жүлдегері, нидерландтық Хенк Гролды ұтты.

## ГҮЛЖАН ИСАНОВА (+78 КЕЛІ) – 2012 ЖЫЛҒЫ «ШЕБЕРЛЕР» САЙЫСЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ

Гүлжан Исанованың Қазақстан дзюдосына қосқан үлесі орасан зор. Аса ауыр салмақта ел намысын абыроймен қорғады. Осыдан екі жыл бұрын үлкен спорттан кетіп, бапкерлік жолға түсті.

Гүлжан өзінің спорттық ғұмырында 20-ға жуық халықаралық жарыстың жүлдесіне ие болды. Солардың арасында ең бағалысы – «Шеберлер» сайысының қола жүлдесі.

2012 жылы Алматыда өткен «Шеберлер» турнирінде Қазақстан балуандары 1 алтын, 1 қола медаль жеңіп алса, сол қола медальдың иесі – Гүлжан Исанова.

1/8 финалда Гүлжан украиналық қарсыласын «вазари» әдісімен жеңіп, ширек финалда 2010 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері, жапониялық Мэгуми Татимотодан айласын асырды. Жартылай финалда отандасымыз Бейжің олимпиадасының чемпионы, 2011 жылға дейін әлемнің бес дүркін жеңімпазы атанған қытайлық Тун Вэньмен татамиге шығып, өкінішке қарай, таза жеңілді. Дегенмен, Гүлжан қызымыздың шеберлер арасында алған жүлдесі біз үшін үлкен жетістік. Әзірге қыздар арасында Гүлжанның жүлдесі жалғыз. Талай жыл еліміздің намысын қорғап, әлем және Олимпиада ойындарынан медаль алған Отгонцецег Галбадрахтың өзі «Шеберлер» жарысына қатысқанымен жүлде алмай қайтты.

## СЕРГЕЙ ЛИМ (66 КЕЛІ) – 2013 ЖЫЛҒЫ «ШЕБЕРЛЕР» ЖАРЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

66 келі салмақта ел намысын қорғаған Сергей Лим үлкен спортта ұзақ жүрмеді. Десек те, дзюдо мамандары Лимнің әлеуеті жоғары спортшы болғанын көп айтады. Ол 2012 жылы Азия чемпионатында топ жарып, 2013 жылы Түменде (Ресей) өткен «Шеберлер» турнирінде бас жүлдеге ие болды. 1/8 финалда әзірбайжандық балуанды жеңсе, ширек финалда ресейлік Алим Гадановтан айласын асырды. Гадановтың сол кезде әлем чемпионатының қола жүлдегері, Еуропа чемпионы деген атағы бар-тұғын. Тіпті 66 келідегі бас жүлдеден басты үміткер еді.

Финалға шығар жолда, яғни, жартылай финалда Сергей Лим француз балуаны Давид Ларозды жеңсе, финалда жапониялық Томофуми Такадзёні мерзімінен бұрын ұтты.

## ЕЛДОС ЖҰМАХАНОВ (66 КЕЛІ) – 2017 ЖЫЛҒЫ «ШЕБЕРЛЕР» ЖАРЫСЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ

«Шеберлер» турнирінің жүлдесі араға төрт жыл салып, елімізге қайта оралды. Сергей Лимнің алтын медалінен кейін қаншама балуандарымыз тер төксе де, қола медальдың өзі бұйырмай келген еді. Абырой болғанда, 2017 жылы Санкт-Петербордағы (Ресей) жарыста Елдос Жұмаханов финалдан бірақ шықты.

Елдос бұл турнирде 66 келі салмақта күресті. Алдымен Ресей балуанын жықса, артынша жартылай финалдың жолдамасын әлем чемпионатының екі дүркін жүлдегері, бразилиялық Шарлес Тибанамен сарапқа салып, таза ұтты. Жартылай финалда Елдос грузин мықтысы Важа Маргвелашвилиге дес бермеді. «Иппон» әдісімен алып ұрып, финалға шықты. Грузин балуаны сол кезде Еуропа чемпионы болатын.

Өкінішке қарай, Елдос Максим Раков пен Сергей Лимнің жеңісті жолдарын жалғастыра алмады. Алтын медаль үшін болған айқаста моңғолиялық Херлен Ганболдтан ұтылып, күміс медальді қанағат тұтты.

Елдос былтыр үлкен спорттан біржолата қол үзді. Өзінің спорттық карьерасында Гран-при бәсекесінде төрт медаль (1 алтын, 1 күміс, 2 қола) алды. Азия чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері. Үш дүркін Азияның қола медаль иегері. Сонымен қатар осыдан төрт жыл бұрын Джакартада өткен Азия ойындарында қола медальға қол жеткізген балуан. Бұл атақ-дәрежелеріне «Шеберлер» сайысындағы күміс жүлдені қосыңыз. Елдос Жұмаханов қазақ спортының тарихында, оның ішінде дзюдо спортында өзіндік қолтаңбасын қалдырған балуандардың бірі әрі бірегейі.

## ЕЛДОС СМЕТОВ (60 КЕЛІ) – 2018 ЖЫЛҒЫ «ШЕБЕРЛЕР» ЖАРЫСЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ

2018 жылдың желтоқсан айында Қытайдың Гуанжоу қаласында өткен «Шеберлер» сайысында Қазақстан құрамасының балуандары бірден екі қола медальға ие болды. Оның бірі 60 келіде күрескен Елдос Сметовтің еншісінде.

Елдос Сметовті таныстырып жатудың өзі артық. Олимпиада, әлем, Азия сияқты жарыстарда үздіктер қатарынан көрінген Елдос батырымыз «Шеберлер» сайысынан да құр қайтпапты.

2013 жылы Түменде (Ресей) ұйымдастырылған «Шеберлер» турнирінде Елдос Сметов үздік бестіктен көрінді. Бұл оның аталған турнирге алғаш рет қатысуы еді.

Гуанжоуда Елдос басқалар сияқты емес, жарысты 1/16 финалынан бастады. Оған алғашқы қарсылас болып, америкалық Адонис Диас шықты. Әлемдік рейтингте үздік 16 балуанның қатарына кірген Адонис Панамерика құрлығында талай жүлде алып жүрген тәжірибелі балуан болатын. Бірақ Елдос оны көп ұзатқан жоқ, «иппон» әдісіне салды да белдесуді ерте аяқтады. Одан кейін испаниялық Франсиско Гарригосты, ресейлік Альберт Огузовты, өзбекстандық Шарафиддин Лутфиллаевты жеңіп шықты. Бірақ жартылай финалда ресейлік Роберт Мшвидобадзені ұтуға мүмкіндігі болмады. Қола медаль үшін белдесуде Ресейдің тағы бір балуаны Ислам Яшуевтан айласын асырды.

Елдос Сметов Токио олимпиадасынан кейін 66 келіге ауысты. Ол бұрынғы салмағында Олимпиада ойындарының екі дүркін жүлдегері (күміс-2016, қола-2021). 2015 жылы әлем чемпионы. 2019 жылғы әлем чемпионатынан қола медаль жеңіп алды. 2014 жылы жазғы Азия ойындарында Қазақстан дзюдошыларының ішінде бірінші болып, чемпион атанды. Жалпы, бүгінге дейін оның еншісінде 30-ға жуық халықаралық жарыстардың жүлделері бар.

## ИСЛАМ БОЗБАЕВ (90 КЕЛІ) – 2018 ЖЫЛҒЫ «ШЕБЕРЛЕР» ЖАРЫСЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ

Ислам Бозбаев та былтыр Елдос Сметов сияқты салмақ ауыстырды. Ол оған дейін 90 келіде күрессе, бүгінгі таңда 100 келіде бағын сынап жүр. 90 келіде жүргенде қарағандылық балуан Grand Prix жарысында екі рет жеңімпаз атанды. Бір рет Гранд Сламда топ жарды. «Шеберлер» турнирінде 2018 жылы жеңіп алған қола медалі де бар.

Гуанжоуда Елдос Сметовпен бірге Ислам Бозбаев та қола жүлдеге ие болды. Алғашқы жекпе-жегінде кубалық Сильва Моралестен басым түсе, одан кейін ресейлік Михаил Игольникті ұтты. Жартылай финалда испан туы астында өнер көрсететін грузин жігіті Николоз Шеразадишвили Ислам Бозбаевтың қателігін сәтті пайдаланып кетті.

Ислам жартылай финалдағы қателігінен қорытынды шығарды ма, одан кейінгі белдесуінде чехиялық қарсыласына дес бермей, «Шеберлер» турнирінің қола жүлдесін жеңіп алды.

**Едіге ОРАЗ**

*Міне, оқырман қауым. Қазақстан дзюдошыларының «Шеберлер» сайысында көрсеткен жетістіктері осындай. Газетіміздің алдағы сандарының бірінде дзюдошыларымыздың Гран-при бәсекелерінде «қалай өнер көрсетті?» «қандай жүлдеге ие болды?» деген сұрақтарға жауап іздейтін боламыз.*


Ислам БОЗБАЕВ


Сергей ЛИМ

# БАБЫНДАҒЫ БАПКЕР





**ӘДІЛБЕК БАЙМҰҚАНБЕТОВ. БҰЛ ЕСІМ КҮРШІМДІКТЕРГЕ ЖАҚСЫ ТАНЫС. ҚОЛ КҮРЕСІ МЕН ГІР СПОРТЫНАН ӘЛЕМ, АЗИЯ, ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТТАРЫНДА ТОП ЖАРҒАН САҢЛАҚТАРДЫ БАПТАҒАН ӘДІЛБЕК ӨМІРБЕКҰЛЫ ҚАЗІР КЕМЕЛ ШАҒЫНДА. МЫНА БІР ДЕРЕКТЕРГЕ КӨЗ САЛЫҢЫЗШЫ. СПОРТ САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН 40 ЖЫЛЫНДА ОННАН АСТАМ ӘЛЕМ, ОСЫНШАМА ЖАСТЫ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТТАРЫНДА ЖҮЛДЕГЕР ЕТКЕН БАБЫНДАҒЫ БАПКЕР ЖАЙЛЫ ҚАЛАЙ МАҚТАСАҚ ТА ОРЫНДЫ. ОНЫҢ СЫРТЫНДА ГІР СПОРТЫНАН ОННАН АСТАМ САҢЛАҚТЫ ЕЛ ЧЕМПИОНЫ ҚАТАРЫНА ҚОСҚАН.**

Жас кезінде Ә.Баймұқанбетов еркін күреспен шұғылданып, спорт шеберлігіне үміткер атанды. Өз салмағында ел біріншілігінде сан мәрте жүлде терді. Ермак қаласындағы дене тәрбиесі техникумында оқып жүрген кезде Павлодар облысының намысын қорғады. Елге оралған соң аудандағы кәсіптік-техникалық училищеге дене тәрбиесінің оқытушысы болып орналасты. Бұл 1982 жыл болатын. Демек 40 жыл бұрын.

Қазір ойлап отырса, Әдекең өмірден өз орнын, спорттан бақытын тапқан сияқты. 40 жылда гір спорты мен қол күресінен баптаған шәкірттері еліміздің көк байраған желбіретіп, елге жеңіспен оралып жүр.

Алғаш келген кезде гір спортын менсінбегендер кездесті. 16, 24, 32 келілік гір тасын екі қолымен алма-кезек көтерген кезде балалардың қызығушылығы байқалды. Албырт жастардың біразы ауыр жаттығуларға шыдай алмай үйірмені тастап, табанды, қайсар жастар қалды. Әділхан Нұрғазин деген шәкірті облыстық спартакиаданың 11 дүркін чемпионы атанды. Ол әлем чемпионатында топ жарған кезде ең бірінші бапкерін құшақтап, алғысын айтты. Амангелді Құсайынов деген шәкірті гір спортынан ауданда бірінші болып спорт шебері атағын иеленді. Бұдан бөлек он шәкірті гір спортынан спорт шебері болып, жерлестерін қуантты.

2007 жылы Нұржан Дүкиев деген шәкірті қол күресінен әлем чемпионы атанған кезде бапкері ерекше қуанышқа бөленді. Оның себебі бар. Нұржан табанды, жаттығу залынан шықпайтын, «қайтсем де әлем чемпионы атанамын» деп ұстазына серт берген. Уәдесінде тұрды.

Заңғар Әшіманов деген шәкірті Ресейдің Суздаль деген қаласында жалауы желбіреген жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатынан жеңіспен оралды. Қазір Заңғар өзімен бірге Күршімдегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде сабақ береді.

Күршімнің қыздары да спорт десе елеңдеп тұрады. Осыдан бірнеше жыл бұрын Назерке Малқайдарова деген қыз Әділбектің қол астында қол күресінен жаттыға бастады. Ерінбейтін, жаттығулардан қалмайтын өжет қыз 2009 жылы Канадада жалауы желбіреген әлем чемпионатынан жеңіспен оралды. Теректі ауылындағы бапкер Бақытхан Мәжиковтің шәкірті Ерназ Нұрахметов айды аспанға шығарып, Токио қаласында өткен әлем чемпионатынан жеңіспен оралды.

– Иә, Күршім ауданында бұқаралық спорт дамып келеді. Біздегі 200-ден астам спорт ғимаратында, спорт залдары, екі стадионда, басқа да спорт алаңдарында қала тұрғындары мен жастар, мектеп оқушылары алаңсыз жаттығады. Барлығы тегін. Ал Әділбек сияқты ағамызбен мақтанамыз. 40 жылда қаншама әлем чемпиондарын тәрбиелеп шығарды. Алдағы уақытта да күршімдіктер спортта биік табыстарға жете беретіні сөзсіз, – дейді аудандық Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Сымбат Дүйсенғазин.

Зейнеткер атанса да қатардан қалмай, ауыл спортының өркендеуіне ерекше үлес қосып келе жатқан Әділбек Баймұқанбетов сияқты нар жүгін арқалаған азаматтарға алғыстан басқа не айтамыз?

**Оңдасын ЕЛУБАЙ,**
«Қазақ спорты» газетінің
Шығыс Қазақстан облысындағы
меншікті тілшісі

**Күршім ауданы**

# «БАРЫС» ҚҰРАМЫН ЖАҢА ОЙЫНШЫЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫРЫП ЖАТЫР

**ҚҰРЛЫҚТЫҚ ХОККЕЙ ЛИГАСЫНДА (ҚХЛ) ӨНЕР КӨРСЕТЕТІН ЕЛОРДАНЫҢ «БАРЫСЫ» МАУСЫМАРАЛЫҚ ҮЗІЛІСТЕ ҚАТАРЫН БІРНЕШЕ ОЙЫНШЫМЕН ТОЛЫҚТЫРЫП ЖАТЫР.**

Атап айтар болсақ, америкалық шабуылшы Энтони Луис ҚХЛ-дің алдағы маусымында елордалық клуб сапында өнер көрсететін болды. 27 жастағы хоккейші Солтүстік Американың түрлі лигаларында өнер көрсетіп, АҚШ-тың жасөспірімдер мен жастар құрамаларына шақырту алған. 18 жасында «Чикаго» командасының ойыншысы атанған ол кейінгі алты жылын Америка хоккей лигасында (АХЛ) өткізген. Ал былтырғы маусымда «Далластың» фарм-клубында өнер көрсетіп, тұрақты чемпионаттың 66 матчында 55 (24+31) ұпай жинаған.

Сондай-ақ елордалық клуб қазақстандық Батырлан Мұратов және Михаил Рахмановпен сынама келісімшарт жасағанын мәлімдеді. Келісімшарт 2022 жылдың 31 тамызына дейін жарамды. Екі хоккейші де әр жылдары «Барыс» сапында ойнаған.

«Барыс» хоккей клубы Джереми Браккомен келісімшарт жасалғаны туралы ресми түрде хабарлайды.

Американдық шабуылшымен біржақты келісім бір маусымға арналған (2023 жылдың 30 сәуіріне дейін), деп хабарлады barys_official.

Шабуылшы мансабындағы барлық уақытын Солтүстік Америкада өткізген. АҚШ жасөспірімдер және жастар құрамаларының құрамында Джереми әлем чемпионы атанды. 2015 жылы ол «Торонтоға» өтті. 2017/18 жылдардағы маусымда Бракко «Торонто Марлис» сапында Колдер ғубогын жеңіп алды. Жалпы АХЛ-дағы 169 матчта ол 145 (32+113) ұпай жинады.

Өткен маусымда хоккейші немістің «Крефельд




Пингвин» командасында ойнады. Германия чемпионатындағы 54 матчта Джереми өз активіне 54 (14+40) ұпай жазып, өз командасының үздік ассистенті және шабуылшысы атанды.

Сонымен қатар, «Барыс» хоккей клубы Кирилл Максимовпен келісімшарт жасалғаны туралы ресми түрде мәлімдеді.

Шабуылшы ойыншыны жалдау шартының негізінде бір маусым (2023 жылғы 30 сәуірге дейін) мерзімінде ойнайды. Максимов өзінің спорттық мансабын Солтүстік Америкада бастады. 2017 жылы оны «Эдмонтон» құрамына алды.

2020/21 жылғы маусымда Кирилл ЦСКА жүйесінде өнер көрсетіп, ҚХЛ-да 16 матч өткізді (3 ұпай, 2+1). Өткен маусымда шабуылшы «Юкурит» үшін Финляндия чемпионатында ойнады. Оның активінде 28 кездесу және нәтижелілігі үшін 9 (4+5) ұпай бар.

# ПРЕЗИДЕНТ КУБОГЫ БАСТАЛДЫ

**ЕЛОРДАДА ТЕННИСТЕН ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ATP CHALLENGER ЖӘНЕ ITF WORLD TENNIS TOUR САНАТЫНА ЕНЕТІН ДӘСТҮРЛІ ПРЕЗИДЕНТ КУБОГЫ ЖАРЫСЫ ӨТІП ЖАТЫР.**

Байрақты бәсекенің алғашқы айналымында қазақстандық теннисшілер сәтті өнер көрсетті. Атап айтқанда, Дмитрий Попко тұсаукесер кездесуінде нидерландтық Рубин Стэтхэмді екі сетте – 6:3, 6:4 есебімен тізе бүктірді. Екінші айналымда ол түркиялық Янки Эрельмен шеберлік байқасады. Сондай-ақ монаколық Лукас Катаринаны жеңген Михаил Кукушкин (6:1, 6:1) екінші айналымда бразилиялық Габриэль Декампспен кездеседі. Бейбіт Жұқаев жапониялық Шинтаро Имаиден басым түсті – 7:6 (7:3), 6:1. Енді ол Израиль өкілі Даниэль Цукерманмен ойнайды. Денис Евсеев үш сетке созылған кездесуде ресейлік Алибек Качмазовты жарыс жолынан ығыстырды – 6:3, 3:6, 6:4. Евсеев ширек финалға шығу үшін тағы бір ресейлік Евгений Карловскиймен таласады. Өкінішке қарай, Тимофей Скатов, Достанбек Ташбулатов және



Григорий Ломакин жекелей сында екінші айналымға шыға алмады.

Әйелдер арасында Гөзал Айнитдинова отандасы Асылжан Арыстанбековадан шеберлігінің басым екенін көрсетті – 6:3, 6:4. Енді ол ресейлік Анастасия Золотаревамен күш сынасады.

# «ҚАЙРАТ» ПЕН «ҚАЙСАР»
## КӨШБАСШЫЛАР ҚАТАРЫНДА

**ФУТБОЛДАН ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ БІРІНШІ ЛИГАСЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТЕТІН 16 КОМАНДА ТӨРТ ТОПҚА БӨЛІНІП, ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫН САРАПҚА САЛУДА. ӨТКЕН ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ КУБОК ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫСТЫҢ ТОПТЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ II ТУР ОЙЫНДАРЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.**

«А» тобында өнер көрсететін былтырғы ел кубогының иегері «Қайрат» сырт алаңда «Атыраумен» кездесіп, аса тартысты өткен кездесуде 3:2 есебімен жеңіске жетті. Алматылықтар бірінші турда Шымкенттің «Ордабасы» командасын жеңсе (2:0), «Атырау» сырт алаңда Павлодардың «Ақсуын» ұтқан болатын – 1:0.

Топтағы екінші ойында «Ордабасы» Шымкентте «Ақсудан» басым түсті – 2:0. Бірінші турдағы сәтсіздіктен кейін екі клуб та бұл матчта жеңіс үшін барын салды. Дегенмен бірінші таймда үстемдік



танытқан алаң қожайындары матч тағдырын алғашқы 45 минуттың ішінде шешіп тастады. Екі турдың қорытындысы бойынша «Қайрат» алты ұпаймен жеке-дара көш бастады. Үш ұпайы бар «Атырау» мен «Ордабасы» екінші және үшінші орындарды бөлісіп тұр. «Ақсу» төртінші орында қалып қойды.

Екінші турдың сенсациясын Бірінші лигада өнер көрсететін «Қайсар» командасы тіркеді. «В» тобында сынға түсіп жатқан қызылордалық ұжым бұл турда бірер күннен соң Конференция лигасында ойнайтын Петропавлдың «Қызылжарын» сырт алаңда қапы қалдырды. «Қарасай батыр» стадионында өткен матчта 2:1 есебі тіркелді. Екі ойында алты ұпай олжалаған «Қайсар» «В» тобының көшін бастады. Ал «Қызылжар» бір ұпаймен үшінші орынды қанағат тұтуда.

Сондай-ақ алғашқы турда «Қайсардан» жеңілген Оралдың «Ақжайығы» екінші турда «Каспийді» тізе бүктірді – 3:1. Үш ұпайына қол жеткізген «Ақжайық» турнир кестесінде екінші орынға көтерілсе, «Каспий» бір ұпаймен соңғы орында қалып қойды.

«С» тобында өнер көрсететін Қостанайдың «Тобылы» екінші турдан кейін алғашқы ұпайына қол жеткізді. Бірінші турда қостанайлықтар сырт алаңда «Тараздан» 5:1 есебімен оңбай жеңілген еді. Әрине, бұл кездесуде «Тобылдың» негізгі құрам футболшылары емес, жастар командасы ойнаған болатын. Ал екінші турда «Ақтөбемен» болған матчта қосалқы құрам ойыншыларын шығарып, 2:1 есебімен жеңіске жетті. Екі турдан кейін Милан Миланович шәкірттері үш ұпаймен үшінші орынға жайғасты. Ал бірде-бір ұпайы жоқ «Ақтөбе» соңғы орынға түсіп қалды.

Топтағы екінші ойынында «Тараз» өз алаңында «Мақтааралға» еш мүмкіндік қалдырмады. Алғашқы турда «Ақтөбеден» басым түскен «Мақтаарал» футболшылары бұл турда «Тараздың» осал тұсын таба алмады. Қонақтар бірінші таймда алаң иелеріне лайықты қарсылық көрсетіп, 2:2 есебімен тең ойнағанымен, екінші таймда сол нәтижені сақтап қалуға шамалары жетпеді. Алты гол соғылған матчта «Тараз» 4:2 есебімен жеңіске жетті. Осылайша, екі ойында алты ұпай жинаған «Тараз» «С» тобында топ бастады. «Мақтаарал» үш ұпаймен екінші орында қала береді.

«Д» тобының екінші турында «Астана» Қарағандының «Шахтерімен» кездесті. «Астана Аренада» өткен ойында жанкүйерлер жеті голдың куәсі болды. 5:2 есебімен жеңіске жеткен елордалық ұжым төрт ұпаймен бірінші орынға көтерілді. «Астана» алғашқы турда сырт алаңда «Жетісумен» тең ойнап (0:0), «Шахтер» өз алаңында «Тұранды» 4:0 есебімен тізе бүктірген еді.

«Тұран» бірінші турдағы ірі жеңілісінің есесін «Жетісумен» болған ойында қайтарды. 16-минутта түркістандық команданың македониялық шабуылшысы Самир Фазли есепті ашса, 24-минутта таблодағы көрсеткішті 2:0-ге жеткізді. Ал екінші таймның орта тұсында ойындағы үшінші голын соғып, хет-триктің авторы атанды. Қорытынды есеп – 3:0. Бұл жеңістен кейін «Тұран» турнир кестесінде үшінші орынға көтеріліп, бір ұпайы бар «Жетісу» әзірге төртінші орынды қанағат тұтты.

III тур ойындары жексенбі күні өтеді.

| ОРЫН | КОМАНДА | О | В | Н | П | ГОЛДАР | ҰПАЙЛАР |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| МЕРЗІМІ 2022 A | | | | | | | |
| 1 | Qairat | 2 | 2 | 0 | 0 | 5-2 | 6 |
| 2 | Atyraý | 2 | 1 | 0 | 1 | 3-3 | 3 |
| 3 | Ordabasy | 2 | 1 | 0 | 1 | 2-2 | 3 |
| 4 | Aqsý | 2 | 0 | 0 | 2 | 0-3 | 0 |
| МЕРЗІМІ 2022 B | | | | | | | |
| 1 | Qaisar | 2 | 2 | 0 | 0 | 3-1 | 6 |
| 2 | Aqjaıyq | 2 | 1 | 0 | 1 | 3-2 | 3 |
| 3 | Qyzyljar | 2 | 0 | 1 | 1 | 2-3 | 1 |
| 4 | Kaspii | 2 | 0 | 1 | 1 | 2-4 | 1 |
| МЕРЗІМІ 2022 C | | | | | | | |
| 1 | Taraz | 2 | 2 | 0 | 0 | 10-3 | 6 |
| 2 | Maqtaaral | 2 | 1 | 0 | 1 | 5-6 | 3 |
| 3 | Tobyl | 2 | 1 | 0 | 1 | 3-7 | 3 |
| 4 | Aqtóbe | 2 | 0 | 0 | 2 | 3-5 | 0 |
| МЕРЗІМІ 2022 D | | | | | | | |
| 1 | Astana | 2 | 1 | 1 | 0 | 5-2 | 4 |
| 2 | Shahter | 2 | 1 | 0 | 1 | 6-5 | 3 |
| 3 | Turan | 2 | 1 | 0 | 1 | 3-4 | 3 |
| 4 | Jetisý | 2 | 0 | 1 | 1 | 0-3 | 1 |

# ДОСЫМ, ҰСТАЗЫМ ҚЫДЫРБЕК

## ТАЛ ТҮСКЕ АТ ШАЛДЫРДЫ

**ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАРАБОЗЫ ҚЫДЫРБЕК ЕКЕУМІЗДІҢ ДОС БОЛЫП, БІРГЕ ЖҮРГЕНІМІЗГЕ ҚЫРЫҚ ЖЫЛДЫҢ БЕДЕРІ БОЛЫПТЫ. ДОСЫМ, БАУЫРЫМ, ҚАЗАҚТЫҢ АЯУЛЫ ПЕРЗЕНТІ ҚЫДЫРБЕК РЫСБЕКҰЛЫ 60-ҚА КЕЛДІ. ШЕРАҒАҢША АЙТСАҚ, ТАПА ТАЛ ТҮС. ӘРИНЕ, БӨРКІНДІ АСПАНҒА АТЫП ҚУАНАТЫНДАЙ ЖАС ЕМЕС. АР ЖАҒЫНАН ТАЯҚ ҰСТАТАТЫН КӘРІЛІКТІҢ АУЫЛЫ ҚЫЛТИЫП-АҚ ТҰР.**



Бұл жас адам деген пенденің бұл өмірде мен не бітірдім деп өз-өзіне есеп беретін уақыты да ғой.

Ана ғасырдың сексенінші жылдары. Өрімдей жас болдық. Арман қуып Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген біздерді алып Алатау әлдилеген ару Алматы құшағын жая бауырына тартты. Қыдырбек ҚазПИ-дің тарих, мен филология факультетінде оқимыз. Мұғалімбіз негізі. Бірақ тағдыр бізге спорт журналистикасын бұйыртыпты.

Қыдырбек, ол өрімдей шағынан мақтангершілікті ұнатпайтын еді. Тыйып тастайтын. Бірақ мақтауға тұратын, қазақ руханиятына бір кісідей еңбегі өткен жампозынды мерейлі жасында мақтап, мақтанып қалғанның айыбы жоқ шығар.

Ұстаз жағынан жолы болды досымның. Атақты Несіп Жүнісбаев институттың соңғы курстарында балағының биті бір өршіл жігітті «Лениншіл жасқа» қолынан жетелеп апарды. Ол кезде қазақ баспасөзінің ең отты, ардақүреңі «Лениншіл жасқа» мұғалім институтының түлегі түгілі, журналист факультетін бітіргендердің өзі тұяқ ілікті ре бермейтін.

Газеттің бас редакторы, қазақ спорт журналистикасын Алатаудың құзар биігіне көтерген Сейдахмет Бердіқұлов аға да мұнауын кім демепті. Өжеттеніп сөйлегенде қасын қақпайтын, ішкі жан дүниесі жанартаудай бұлқынып тұрған жас жігіттің болашағын Толыбай сыншыдай болжаса керек.

Өте жақын, тонның ішкі бауындай досым ғой, ол үшін бәрі сәтті болды демеймін. Не бір өткелектен өтті. Бір сөзбен түйіп айтсақ, дәл қазір қазақ спорт журналистикасын Қыдырбек Рысбекcіз елестету әсте мүмкін емес. Ол – басқа еңбегі бір бөлек, қазақ спортының жылнамашысы.

Ол, Махамбет ақын айтқандай, кескекті ердің сойы. Қазақ намысы безбенге түсетін жерде тісі кеткенше жұлқысатын абадан.

Мың мысалдың бір-екеуінің тізгінін ағытсақ, Қыдырбектің қайратын түсіне бересіз.

Сексенінші жылдардағы Мәскеу олимпиадасындағы Жақсылық, Шәлім ағаларымыздың даңқты жеңістерінен кейін қазақ күресі тоқырауға ұшырады. Балп, балп басқан балуандар жоқ емес-ау, Одақтың жарыстарында топ жарары жоқ. Сол кезде найзағайдай болып Дәулет Тұрлыханов жарқ ете қалды. Сұрапыл. КСРО чемпионы. Қазақ спортшыларының қайратсыздығына ширығып, қабағының тырысуы басылмай жүрген Қыдырбек Рысбек «Лениншіл жастың» бір бетіне сөзбен емес, жүректің қанымен «Халықтың Дәулеті» деген мақала жазды. Ол мақаланы жай оқи салу мүмкін емес еді. Көңілшектеу басымыз толқығаннан көзімізге жас алып қалдық. Түйіні Жақсылық Үшкемпіровтен кейін әлем, олимпиада ойындарына дейінгі үзілген жолды лайықты ізбасарлары өсіп жетілгенше Дәулет Тұрлыханов мойнына алып, кәтепті қара нардай сүйреуі керек. Бұл – халық Аманаты.

Біз пақыр осы мақаланы оқып, отқа түсуге дайын жүргенде Дәулеттің күйін көз алдыңызға елестете беріңіз. «Әй, Қыдырбек, не істедің, – депті дарабоз балуан. «Сен маған артқа шегінуге жол қалдырмадың ғой».

Артқа шегінбеді ер Дәулет. Ол кезде Одақта жеңімпаз болу әлем, олимпиада ойындарында бас жүлде алумен бірдей. Ал Дәулет Тұрлыханов КСРО империясының 7 жыл қатарынан өз салмағында алтынын күреп алды.

Даңқты, орыс аюы Карелиннің өзі бұл атаққа жете алмай кетті. Тасқайрақ Қыдырбек талантты қазақ жүрсе қасынан табылатын қасиетін мұнымен қойған жоқ.

Қазақта самбо күресінде Асқар Шайхиевтай ардакүрең ұл болды. КСРО чемпионы. «Шымбұлақтағы оқу-жаттығу жиынында едік» деп еске алып еді Асқар марқұм. Жолды қар соқталап тастаған. Сонау шыңға қар омбылап Қыдырбек ағам мені іздеп келіпті.

«Империяны мойындаттың, енді әлемнің алтынын алуың керек». Сөзі осы. Қазақтың батыр бабаларынан тартып тарихынан шер тартыпты.

«Толқығаннан жанымды қоярға жер таппадым», деп еді-ау есіл Асқар.

Әлем чемпионы болды Асқар. Қыдырбек ағам қайраттандырмағанда болар, болмасым белгісіз еді дейді аққөңіл, батыр інім.

Бұл Қыдырбектің қайраты туралы мың мысалдың екеуі ғана. Тағдыр, таланында бар болғанымен қайраудың жөні бір бөлек екен.

Бірде Қыдырбек екеуміз грек-рим балуандарының оқу-жаттығу жиынына бардық. Әлемге әйгілі жампоздардың томағасын сыпырған әйгілі бапкер Геннадий Сапунов біздің ісімізді құптады. «Алғаш рет Одақ жарысында жүлде алғанымда бір журналист мен туралы керемет мақала жазды. Халыққа керек екенмін ғой деп толқыдым. Жаныңа қатты қуат береді екен. Қазақта талантты балуан көп. Бірі анау Бақтияр Байсейітов. Мерейі өседі. Жазыңдар».

Айтқандай, Бақтияр Байсейітов кейіннен әлем чемпионы болды.

Қыдырбек дос туралы жазсаң, бір кітап аздық етеді.

Кейінгі кезде ол қазақ спорт журналистикасында игерілмеген тың тақырып-тарихын жүлгелеуді қолға алды. Түбегейлі қолға алды. Сонау бір жылдары өзі құрастырған, ғасырлық баян жинақталған «Қазақ балуандары», «Қазақ боксшылары» антологиясы осыған әкелді.

Бір Қыдырбек үшін ғана емес, бар қазақ үшін қуанамын осы ісіне. Тамырсыз ағаш көктемейді. Қыдырбек қазақ спортының түп-тұқиянын зерттеп, жылнамашысына айналды.

Одан бөлек жақында қазақтың әлем таныған «90 бапкері» жайлы деректі кітап жазды. Сөйтіп, жоғымызды тапты, өшкенімізді жандырды.



> Қыдырбек шын мәнінде ұлтшыл жігіт. Оңтүстікте спорт басқармасының басшысы болды. Лондон олимпиадасына бірге бардық. Ол кезде сырттан келемсек спортшылар көп шақырылады. Оңтүстікте де көп. Олар жеңіп жатса, бөркіңді аспанға атып қуанасың. Қыдырбек түк те қуанбайды. «Бұлар – ақша, даңқ үшін уақытша келген адамдар. Ертең еліне кетеді. Біз бұларға малданбай өз қазағымызды дайындауымыз керек» дейді. Өзі солай істеді. Астанадағы Қажымұхан атындағы спорт колледжінде директор болғанда бір шоғыр спорт жұлдыздарын әр спорт түрі бойынша дайындады. Арасында әлем чемпионы Мерей Ақшаловтай жампоздар бар.

Қазақ спортына тау көтерген Толағайдай еңбек сіңірсе де, «мен істедімді» аузына алмайтын дара қазақ Қыдырбек тал түсіне осылай келіп жатыр. Қазақстан егмендік алғанда алты олимпиада ойындарына жолы түсіп, қазақтың батыр бағландары туралы жаһаннан хабар таратып, қалың жұрттан құс қанатымен сүйінші сұраған қыдыр қонған Қыдырбек қой бұл.

* * *

Құдай-ау, біз де өрімдей жас болдық қой. Жастық шақ бірге өтті. Екінші курста болуы керек, бір аға ұстазымыз бар бес жігіт Кеген ауданына шабашкаға бардық. Үй салмақпыз. Басқа да қара жұмыстар көп. Ұстаз бен Мұрат бауырдың құрылыстан хабары бар. Кірпіш өре алады. Аузын бассаң, барлық жағы сөйлей беретін Бақыт марқұм аспаз. Тыр-тыр қасынып жүріп бізге тамақ пісіріп береді. Қыдырбек екеуміз қара жұмысшымыз. Цемент қайырамыз. Лай илейміз. Аналарға кірпіш жеткізіп береміз. Негізі қара жұмысшы үшеу болу керек едік. Асқар Алтай. Дәл өзі. Бүгінде қазақтың маңдайалды жазушыларының бірі. Оның кейін атақты жазушы болатынын қайдан білейік. Дауласқанда басының қан тамырлары адырайып, қызарып кететіндіктен әзілдеп қызылбас дейтінбіз. Қолын кірпішке қыстырып алды ма, әлде күбіртқі шықты ма, сұқ саусағы жарақаттанып қалды. Таңертең жұмысқа кетеміз. Асқар тыр-тыр қасынған Бақыттың қою шайын қанып ішіп, түске таман сұқ саусағын (орап тастаған) шошайтып қасымыздан ауруханa жаққа өтеді. Қолы тапанша сияқты. Біраз әжуалаймыз. Қасқа біз жаққа бір қарамайды да.

Трактор жоқ. Қыдырбек екеуміз трактормыз. Ауыр, қырық-елу келілік бардюрларды көтеріп, балабақшаны абаттандырдық. Кеген – таулы жер. Кеші суық. Жұмыстан соң колонкадағы суық суға белуардан шешініп сақ-сақ күліп жуынамыз. Қол босаса Кегеннің өзенінен форель аулаймыз. Жасаған берген Жанарбектің Жалаңаштағы тау өзеніне де шомылдық.

Студент кезінде-ақ Қыдырбек спорт туралы мақалалар жаза бастады. Біздің қолдан келетін көмек, филолог болған соң тыныс белгілерін түзеп қоямыз. Оқу бітті. Алматыда қалудың бір мүмкіндігі болды. Әкей үйге қайт деді. Ауырып жүр еді. Менен кейінгі ұл Данияр әскерде. Кішісі Ерсайын жас.

Әке сөзіне қарсы тұру қайда. Қайттық. Ауылда орын болмады. Көрші ауылға мұғалім болдық. Әскерге әкетті. Шәмші Қалдаяқов көкеміз әскери борышын өтеген Сахалиндегі Анива қаласында солдат болдық.

Қайттық. Қыдырбектің үйіне түстім. Сол үйде қазақтың тағы бір талантты ұлы Бауыржан Омаровпен таныстым. «Лениншіл жаста» қуатты жастар қызмет етіп жатыр еді. Кетерде Қыдыр дос ақылын айтты. – Алматыға қайт, – деді. Ауылда – мықты болсаң мектеп директоры боларсың. Наның көтерілсе аудандық білім бөлімінің басшысы боласың. Болды ғой. Мен квартира жалдап тұрамын. 60 сом айлығым бар. Соның қырық сомын орыс кемпірдің жалға берген жертөлесіне төлеймін. Қаламақыны үнемдеп, екі баламды асырап келемін. Алдан үмітім бір. Тіпті ешкім болмағанда туыстарымыз келсе түсетін шаңырағы болармыз. Әкейге айт та қайт. Не көрсек те бірге көрейік.

Айттым. Әкейге. Өзі де ширығып жүр екен. «Сөзімді жерге тастамай келгеніңе рахмет, балам, – деді. – Үйіріңнен бекер айырдым деп өзім де өкініп жүр едім. Данияр армиядан келді. Енді бізге алаңдама. Алматыңа, достарыңа бар».

Келдім. Қыдырбек, Бауыржан, Әнуарбек тілеулес болып, «Лениншіл жасқа» қызметке алдырмақ болды. Бас редактор ыңғай білдіргенімен, екінші басшы «бізге мұғалім емес, журналист керек» деді. Сөз тәмам. «Қазақстан пионеріне» корректор болып кеттік.

Қыдырбектің ұстаздары – атақты Сейдахмет Бердіқұлов, Несіп Жүнісбаев бастаған қасқалар. Менің ұстазым – Қыдырбек. Қолымыз сәл босаса мойнымыз қылқиып, спортшылардың жанынан табыламыз. Ірі жарыстардың бәріне барамыз. Он шақты жігіт отбасымызбен араласып, бар мерекені бөліп алғанбыз. Кім не жазды, не жазып жүр. Талқылау. Бәрі керім. Қызғаныш деген қандарында жоқ, шығармашылық жарыс бар.

Осылай өстік. Кезінде «мұғалімсің» деп алмай қойған «Жас Алаштың» спорт бөлімін басқардық. «Егемен Қазақстан» шақырды. Сауытбек аға, марқұм Ержұман аға, Жанболат аға редакциядағы спорт жазатын журналистерге таңдау түскенде өңірде, Шымкентте жүрген біз тақырды Бейжің олимпиадасы ойындарына аттандырды. Ұлттық Олимпиада комитетінің олимпиада, халықаралық жарыстарға жіберетін тізімдегі төрт журналистің бірі болдық. Бірі – фотокор. Екеуі «Казахстанская Правда» мен «Про Спорт» газеті. Қазақ тіліндегісі – біз.

Қыдырбек ұстаздың арқасында осындай жетістіктерге жеттік. Қызылорда облысында «Egemen Qazaqstan» тілшісі болып жүргенімде Ғалым Сүлейменовініміз телефон шалып тұрды. Қыдырбек аға сізді қатты бағалайды. «Бақтиярды сыйлаңдар. Ол мықты. Оның кейбір мақалаларын оқығанда мен неге Бақтиярдай жаза алмаймын деп жылаймын», дейді екен.

Шынын айтсақ, біздікі спортты қосарға қос ат алып қуған Қыдырбектің журналистикасының қасында ет пен терінің арасындағы желік қой. Егеменге спорттан өзге тақырыптар көп керек.

Қыдырбек шын мәнінде ұлтшыл жігіт. Оңтүстікте спорт басқармасының басшысы болды. Лондон олимпиадасына бірге бардық. Ол кезде сырттан келемсек спортшылар көп шақырылады. Оңтүстікте де көп. Олар жеңіп жатса, бөркіңді аспанға атып қуанасың. Қыдырбек түк те қуанбайды. «Бұлар – ақша, даңқ үшін уақытша келген адамдар. Ертең еліне кетеді. Біз бұларға малданбай өз қазағымызды дайындауымыз керек» дейді. Өзі солай істеді. Астанадағы Қажымұхан атындағы спорт колледжінде директор болғанда бір шоғыр спорт жұлдыздарын әр спорт түрі бойынша дайындады. Арасында әлем чемпионы Мерей Ақшаловтай жампоздар бар.

Қазақ азаттығы үшін аттан түспеген, басы кеткенше империямен жағаласқан «Кейкі мерген» атынан садақ атудан халықаралық турнир өткізген, бастамашы болған да осы Қыдырбек.

Қырық жыл қасында жүріп байқағаным, Қыдырбек қазақ ұлты асқақтау үшін жүрегін суырып беруге бар азамат. Онысын айқайлап істемейді, жүйе-жүйесімен жасайды. Кезінде елеусіз қалған Мақсұт Омаров туралы індетіп жазып, басына бейтін көтеруге бастамашы болған Қыдырбекке ұстазы Сейдахмет Бердіқұлов бата берген екен.

Ұстазының батасы қабыл болды. Бүгінде ол қазақ спортының бар тарихын таразылап, жүйеге келтірумен айналысып жатыр. Өңір-өңірдің спорт даму динамикасын жасап, бақайшағына дейін талдау жасай алатын жалғыз да бірегей сарапшы өзі.

Онысы, әрине, спорт функционерлеріне ұнай да бермейді. Қыдырбектің қарымын байқаған министр Дәурен Абаев спортқа ғылыми талдау жасайтын орталықтың басшысы етіп тағайындады. Бұл – үлкен мүмкіндік. Досым әрі ұстазым болған азаматтың 60 жылдығында айтқымыз келгені осы еді. Ол бүгінгінің Бұқар жырауы ғой.

**Бақтияр ТАЙЖАН**

# ВЕЛОСИПЕДЫ ВМЕСТО ЭЛЕКТРОСАМОКАТОВ ПРЕДЛАГАЮТ КАЗАХСТАНЦАМ

**В АЛМАТЫ ОГРАНИЧИЛИ СКОРОСТЬ ЭЛЕКТРОСАМОКАТОВ И ИЗМЕНИЛИ ПРАВИЛА ИХ АРЕНДЫ. НОВЫЕ ПРАВИЛА ВСТУПЯТ В СИЛУ В ТЕЧЕНИЕ ОДНОГО МЕСЯЦА С МОМЕНТА ПОДПИСАНИЯ МЕМОРАНДУМА – ДО 15 АВГУСТА**




В связи с многочисленными жалобами жителей города на нерегулируемое движение электросамокатов и отсутствие конкретных правил их использования, в том числе парковки, акиматом Алматы была инициирована работа по регулированию деятельности сервисов по аренде электросамокатов.

В результате были проведены встречи с представителями 4 крупнейших компаний, которые занимают 100% рынка аренды электросамокатов Алматы. В ходе обсуждений в интересах жителей города был заключен соответствующий меморандум для обеспечения безопасности участников дорожного движения в Алматы.

Согласно меморандуму, в городе скорость электросамокатов ограничивается до 25 км/ч с помощью приложений, ужесточаются возрастные требования – арендовать электросамокаты смогут только лица старше 16 лет.

Операторы также будут следить за тем, чтобы электросамокаты не находились в непосредственной близости у входов в метро, возле общественных зданий, на газонах, проезжей и пешеходной части. В городе также будут разработаны специальные парковки. До конца следующего года в городе планируется обустроить 3000 парковочных мест.

Новые правила вступят в силу в течение одного месяца с момента подписания меморандума – до 15 августа текущего года.

Напомним, службы аренды самокатов начали работать в Алматы с 2018 года. В настоящее время на рынке действуют 4 компаний (Ozim, Jet, Eleven, Whoosh), которые предоставляют в аренду 15 тысяч электросамокатов. На сегодня в городе ежедневно совершается около 100 тысяч поездок на электросамокатах.

Между тем компания CTS вывела топ-3 велостанций в столице.

Самой популярной и по праву занявшей первое место стала велостанция №152, расположенная на центральном входе Ботанического сада. На втором – велостанция №139 по проспекту Момышулы, 1, возле ресторана Astana Music Hall, и третье занимает велостанция №1, которая находится в парке «Астана».

С каждым месяцем количество пользователей велошеринга растет. Поэтому проследить заполняемость станций можно на сайте velobike.kz в разделе «Велостанции». Также на сайте доступны услуги регистрации и приобретения абонемента, инструкция по пользованию велопрокатом, информация о гражданах, которые относятся ко льготной категории.

City Transportation Systems напоминает, в любом тарифном плане каждая поездка длительностью до 30 минут включена в стоимость абонемента. При этом перерыв между поездками должен составлять не менее 30 секунд.



## РЫВОК К ПОБЕДЕ

**КАЗАХСТАНСКИЕ АКРОБАТЫ ЗАВОЕВАЛИ БРОНЗОВУЮ МЕДАЛЬ ВСЕМИРНЫХ ИГР В США**

Казахстанские акробаты Даниель Диль и Вадим Шуляр завоевали бронзовую медаль Всемирных игр в США. Об этом сообщил Национальный олимпийский комитет Республики Казахстан.

Отмечается, что Казахстан на этих соревнованиях также представляют Александра Рудакова и Дамира Талгат из Караганды. Наши спортсмены смогли завоевать лицензии на Всемирные игры на чемпионате мира в Женеве.

Также легкоатлетка казахстанской команды вошла в десятку на чемпионате мира в США и установила рекорд страны.

Как сообщает пресс-служба Национального олимпийского комитета РК, Каролин Чепкоеч Кипкируи финишировала на седьмом месте, установив новый рекорд страны, который теперь равен 30.17.64. В беге на 3 тысячи метров с препятствиями Нора Джеруто завершила квалификацию на первом месте, преодолев дистанцию за 9.01.54. Она является главным претендентом на золотую медаль. Кроме того, в прыжках в высоту казахстанка Надежда Дубовицкая тоже смогла пробиться в финальную часть чемпионата мира. Кристина Овчинникова, к сожалению, завершила борьбу. Ольга Сафронова в беге на 100 метров не преодолела стартовый раунд. Она завершила выступление в квалификации, финишировав в первом забеге на шестом месте.

Мария Ефремова в тройном прыжке не смогла показать весь свой потенциал. По результатам квалификации она осталась за бортом ЧМ.

## ДЗЮДО-ПРОРЫВ

**СПОРТСМЕН ИЗ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ СУНГАТ ЖУБАТКАН ЗАНЯЛ ТРЕТЬЕ МЕСТО НА КУБКЕ ЕВРОПЫ ПО ДЗЮДО В ШВЕЙЦАРИИ.**

Кубок Европы по дзюдо среди мужчин «Winterthur Senior European Cup 2022» проходил 16-17 июля в швейцарском Винтертуре, он собрал 206 участников из 24 стран мира.

Казахстан представили 12 спортсменов, в числе которых был мангистауский борец Сунгат Жубаткан. Выступая в весовой категории 66 килограммов, он завоевал бронзовую медаль.

По словам тренера Сунгата – Манарбека Бисекенова, спортсмен на пути к пьедесталу почёта одержал победу в схватке



со спортсменами из Украины, Марокко, Германии, а в полуфинале уступил бельгийскому борцу по количеству очков. В борьбе за «бронзу» оказался сильнее итальянского спортсмена.

В этом году это уже вторая «бронза» спортсмена, в апреле он занял также третье место на Кубке Европы по дзюдо среди молодёжи «Poznan Junior European Cup 2022».

В настоящее время 24-летний Сунгат Жубаткан занимается в детско-юношеской спортивной школе «Жас батыр».

Добавим, что сборная Казахстана на этих соревнованиях завоевала две золотые, одну серебряную и одну бронзовую медали.

## АРЕСТ ОРГАНИЗАТОРА

**ТУРНИРА С ХАБИБОМ НУРМАГОМЕДОВЫМ В АКТАУ ПРОКОММЕНТИРОВАЛ ПРЕЗИДЕНТ NFC**

Президент организации Naiza Fighting Championship Нурбек Карабала выразил свое отношение к аресту организатора турнира, толкнувшего полицейского в Актау, сообщается на сайте Tengrinews.kz.

Нурбек Карабала отметил, что случай с организатором произошел под воздействием эмоций и не нес в себе злого умысла. По его словам, любое масштабное мероприятие, в



котором задействовано много людей, может обернуться непредвиденными эксцессами.

– Не выдерживает не только техника, но и нервы людей. Кто-то, поддавшись эмоциям, рвется вперед, желая увидеть своего кумира. А кто-то должен сдерживать толпу и сохранять общественный порядок. Полиция отработала достойно, сдержав толпу и предотвратив мелкие потасовки. Я, как организатор, выражаю им свою благодарность. Бывает разное, главное – проявлять уважение друг к другу. Не раздувать искры, которые пробегают между раскаленными жарой и эмоциями людьми, – подчеркнул Карабала.

Как отметил президент лиги, одновременно мероприятие посетили 15 тысяч человек, что подразумевает высокий уровень организации.

– Турнир прошел на высоком уровне с учетом возможностей региона. Картинка вышла лучшей за историю турнира. Трансляция шла на несколько стран. Это наш первый выездной турнир, и это колоссальный опыт для нас, - сказал он.

Тем не менее Нурбек Карабала рассказал, что было еще несколько моментов, когда фанаты, взбудораженные близостью своего кумира, наваливались на ограждения и тянулись к звезде спорта. Однако он заверил, что благодаря стражам порядка на турнире никаких неприятных инцидентов не произошло.

Помимо этого он подчеркнул, что Хабиб Нурмагомедов остался доволен уровнем организации турнира.

– Для него ведь это не просто очередной ивент, проведение данного турнира в Актау было идеей его покойного отца Абдулманапа Нурмагомедова. К сожалению, его сейчас с нами нет, но, думаю, будь он с нами, оценил бы по достоинству турнир, - прокомментировал Карабала.

Напомним, что после окончания международного турнира по ММА Naiza 41 x Eagle 48 толпа фанатов окружила экс-чемпиона UFC Хабиба Нурмагомедова на набережной Актау. На следующий день в соцсетях распространилось видео, на котором один из организаторов толкнул сотрудника полиции и был арестованна 10 суток за мелкое хулиганство.

## «КАЙРАТ» И «КЫЗЫЛ-ЖАР» ПРОИГРАЛ В ПЕРВОМ МАТЧЕ

**«КАЙРАТ» НА СВОЕМ ПОЛЕ ПРОИГРАЛ В МАТЧЕ С ВЕНГЕРСКОЙ «КИШВАРДОЙ» ВО ВТОРОМ ОТБОРОЧНОМ РАУНДЕ ЛИГИ КОНФЕРЕНЦИЙ.**

Матч в Алматы завершился со счетом 0:1. На 81-й минуте матча Ясир Асани принял мяч в штрафной зоне и пробил по воротам, передает корреспондент Vesti.kz.

По владению мяча команды показали примерно равные результаты, а вот по ударам в створ гости были точнее (2:5).

* * *

**КАЗАХСТАНСКИЙ КЛУБ «КЫЗЫЛ-ЖАР» ПРОИГРАЛ В ПЕРВОМ МАТЧЕ ВТОРОГО КВАЛИФИКАЦИОННОГО РАУНДА ЛИГИ КОНФЕРЕНЦИЙ УЕФА.**

Матч с хорватским «Осиеком», который проходил в Нур-Султане, завершился со счетом 1:2.

В начале второго тайма форвард гостей Михрет Топчагич выиграл борьбу после флангового навеса и открыл в матче, а затем Ласло Клянхайслер удвоил разницу.

Между гостевыми голами судья показал вторую желтую карточку бразильскому легионеру «Кызыл-Жара» Жиану Мартинсу – Дос Сантосу и удалил футболиста за фол в центре поля.

Первый гол «Кызыл-Жара» в еврокубках забил Дарко Няяшмич: полузащитник под давлением отдавал передачу вратарю, но отправил мяч в собственные ворота.

## ОБЫГРАЛ ГИБРАЛТАРСКИЙ «ЛИНКОЛЬН РЕД ИМПС»

**«ТОБОЛ» В ДОМАШНЕМ МАТЧЕ ОБЫГРАЛ ГИБРАЛТАРСКИЙ «ЛИНКОЛЬН РЕД ИМПС» ВО ВТОРОМ ОТБОРОЧНОМ РАУНДЕ ЛИГИ КОНФЕРЕНЦИЙ.**

Матч в Костанае завершился со счетом 2:0. Казахстанский клуб нанес более десятка ударов в сторону ворот соперника и выиграл по угловым ударам (6:3), а забил только на 65-й минуте.

Вышедший на замену Айбар Жаксылыков открыл счет в матче после розыгрыша углового удара, когда соперники не




смогли выбить мяч. В компенсированное время забил Жарко Томашевич.

В матче было показано четыре желтые карточки – предупреждение у «Тобола» получили Самат Жарынбетов и Багдат Каиров.

Полосу подготовил –
**Ибрагим АСКАР**

# КАК УХОДИЛИ КУМИРЫ

## ДЕНИС ТЕН

**ЧЕТЫРЕ ГОДА НАЗАД, 19 ИЮЛЯ 2018 ГОДА, ФИГУРИСТ ИЗ КАЗАХСТАНА ДЕНИС ТЕН ПОГИБ ОТ РУК УЛИЧНЫХ БАНДИТОВ, КОТОРЫЕ ГРАБИЛИ МАШИНЫ РАДИ ЗАПЧАСТЕЙ. ЭТО БЫЛО БОЛЬШОЕ ПОТРЯСЕНИЕ ДЛЯ ЦЕЛОЙ СТРАНЫ, ДЛЯ КОТОРОЙ ЗВЕЗДНЫЙ ОДИНОЧНИК СТАЛ СИМВОЛОМ И ПРОВОДНИКОМ В ДИКОВИННЫЙ ДЛЯ ЭТИХ МЕСТ ВИД СПОРТА.**

### ГИБЕЛЬ В ЦЕНТРЕ АЛМАТЫ

Летом 2018-го Тен отдыхал перед новым сезоном у себя дома, в Алматы. Денис жил в самом центре города в обычной квартире. Злоумышленников заинтересовал его Lexus GX 460. Они попытались взломать сигнализацию автомобиля и открыть окна машины, но Тен заметил преступников и попытался остановить. «Теном Денисом Юрьевичем были застигнуты двое неустановленных лиц при попытке кражи его автомашины. В результате возникшей потасовки гражданину Тену Д.Ю. было нанесено ножевое ранение», – говорилось в сводке местной полиции. После инцидента события развивались стремительно. В три часа дня на пульт скорой помощи поступил вызов о ножевом ранении, на место вызова выехала бригада врачей. Полученные ранения оказались слишком серьезными, и, потеряв больше пяти литров крови, Тен скончался.

По сообщению врачей, причина смерти – это повреждение бедренных сосудов и наружное кровотечение в результате ножевого ранения верхней трети правого бедра. По версии следствия, злоумышленники – группа подростков, которые и не ставили задачу кражи автомобиля. Их цель – только автостекла, которые часто воруют у дорогих машин. Однако мама Дениса Оксана Тен уверена, что в этом деле далеко не так просто и очевидно. «Вся эта троица собралась в Шанырақе и жила у брата Киясова. Прекрасно жила. Но почему-то 18 июля они едут в центр города и снимают квартиру на одну ночь. Ночью они покупают нож в «Магнуме» и сидят в этой квартире до двух часов, что совпадает с желанием Дениса поехать в ресторан», – сообщила Оксана Тен.

Расследованием убийства Тена занимались лучшие следователи Казахстана, ведь Денис – один из немногих призеров зимних Олимпиад для Казахстана и настоящий кумир на своей родине. Он был официальным послом Универсиады-2017 в Алматы и лицом презентационной программы Олимпийских игр – 2022 (Казахстан проиграл заявочную кампанию Китаю). В Казахстане он мелькал на обложках ведущих изданий, первых полосах газет, Тена приглашали рекламировать свою продукцию ведущие бренды страны. Его трагическая гибель взволновала всех. Со словами скорби выступил даже президент Казахстана. Потрясла утрата и сообщество фигуристов.

### КАКОЙ КОШМАР! КАКАЯ ТРАГЕДИЯ!

К примеру, заслуженный тренер России и телекомментатор Татьяна Тарасова, занимавшаяся в начале карьеры Тена хореографией фигуриста, долго не могла подобрать слова: «Какой кошмар! Какая трагедия! Я буквально сейчас общалась с его мамой, он был еще жив... Ее не пускали к нему. Он выдающийся... Какая трагедия...» Среди высказавшихся – Юдзуру Ханю, Хавьер Фернандес, Евгений Плющенко, Алексей Ягудин и многие другие. Важное качество Тена – умение сохранять человеческие отношения в большом спорте. Особенно в фигурном катании, где скандалы на каждом шагу.

### ДВЕ РОДИНЫ

Тен – больше чем спортсмен для Казахстана. Его родители – потомки корейских переселенцев, переброшенных советской властью из Приамурья на целинные земли. Журналисты всегда отмечали вежливость и учтивость Тена – это следствие восточного воспитания. Прапрадед Тена – известный корейский генерал Мин Гын Хо, его семью до сих пор очень уважают в Корее. Депортация народов – не лучший эпизод в истории Казахстана. Большинство корейцев, немцев, чеченцев, переброшенных в эту страну, при первой же возможности вернулись на историческую родину. Но некоторые остались на месте ссылки. Тен – яркий пример того, что в современном Казахстане комфортно жить всем народам. Он всегда подчеркивал, что у него две родины – одна в Алматы, где он родился, вторая – на Дальнем Востоке.

После одной из побед Денис услышал в телерепортаже, что турнир выиграл человек из несуществующей страны. Это его сильно задело, и тогда он пообещал себе, что в скором времени о Казахстане узнают на мировом уровне. Решив заняться фигурным катанием, Тен выбрал не самый популярный в стране вид спорта. В его городе было всего два катка, и те под завязку забиты хоккеистами. Даже чемпионаты Казахстана проводились не каждый год – не набиралось даже тройки спортсменов. Тена в каком-то смысле можно поставить в один ряд с футболистом из Либерии Джорджем Веа, немецким баскетболистом Дирком Новицки или коллегой по льду испанцем Хавьером Фернандесом. Это спортсмены, которые выросли до уровня суперзвезд вопреки всему.

В Казахстане, где хватало сильных хоккеистов и конькобежцев, в советские времена не было воспитано ни одного достойного фигуриста, который мог бы послужить ориентиром для того же Тена, не было сильной школы и умелых тренеров. Но его это не остановило. Влюбившись в фигурное катание еще во время Олимпиады в Солт-Лейк-Сити, Тен твердо решил посвятить свою жизнь спорту. Поначалу он пел в хоре, и люди отмечали его талант, но страсть к спорту перевесила все. Чтобы расти, он заявлялся на российские соревнования – на уровне Казахстана у него не было конкурентов уже в 12 лет. На дебютном чемпионате мира 2009 года Денис стал сенсацией турнира. Он был самым молодым участником мирового первенства (15 лет), от него мало кто ждал успеха, но его фантастический прокат в произвольной программе поднял на ноги 18 тысяч зрителей в «Стэйплс центре» Лос-Анджелеса.



*Тен – первый казахстанский фигурист, добравшийся до Олимпийских игр, и самый молодой участник соревнований в Ванкувере. На момент старта Олимпиады ему едва исполнилось 16 лет*

«Тен – первый казахстанский фигурист, добравшийся до Олимпийских игр, и самый молодой участник соревнований в Ванкувере. На момент старта Олимпиады ему едва исполнилось 16 лет. Более того, восьмое место на чемпионате мира позволило поехать в Ванкувер не только Тену – Казахстан получил две путевки на Игры. Дальше – больше. Спортсмен из страны, которую большинство комментаторов соревнований не могли найти на карте, а болельщики знали о ней только по сатирическому фильму «Борат», шел вперед. 11-е место в Ванкувере, победа на Азиаде, выигрыш Кубка Стамбула, второе место в Загребе, седьмое место на чемпионате мира – 2012 и, наконец, серебро в канадском Лондоне, на предолимпийском чемпионате мира – 2013. Причем все были уверены, что Денис заслуживал золота. Петицию о пересмотре результатов подписали тысячи человек, в том числе Плющенко и Джонни Вейр.

### ТЕН ЗАСЛУЖИВАЛ ЗОЛОТА

Тен – первый казахстанский фигурист, добравшийся до Олимпийских игр, и самый молодой участник соревнований в Ванкувере. На момент старта Олимпиады ему едва исполнилось 16 лет. Более того, восьмое место на чемпионате мира позволило поехать в Ванкувер не только Тену – Казахстан получил две путевки на Игры. Дальше – больше. Спортсмен из страны, которую большинство комментаторов соревнований не могли найти на карте, а болельщики знали о ней только по сатирическому фильму «Борат», шел вперед. 11-е место в Ванкувере, победа на Азиаде, выигрыш Кубка Стамбула, второе место в Загребе, седьмое место на чемпионате мира – 2012 и, наконец, серебро в канадском Лондоне, на предолимпийском чемпионате мира – 2013. Причем все были уверены, что Денис заслуживал золота. Петицию о пересмотре результатов подписали тысячи человек, в том числе Плющенко и Джонни Вейр.

### ПРЕМЬЕРА ФИЛЬМА «СЛЕПАЯ ЛЮБОВЬ»

Премьера фильма по сценарию Дениса Тена состоялась в Казахстане. На специальную премьеру фильма «Слепая любовь» были приглашены друзья, родные и близкие знаменитого казахстанского фигуриста, трагически погибшего в Алматы четыре года назад. В прокат картина выйдет 28 июля. Фильм Дениса Тен будут показывать во всех кинотеатрах Chaplin в Алматы и Нур-Султане.

Фильм рассказывает о ситуации, когда переписка в сети перерастает в любовь, пока зритель не узнает, что она – глухонемая, а он – слеп и они оба не знают, как признаться в своих особенностях. Это история о виртуальном пространстве, которое выравнивает шансы тех, кто ограничен физически с рождения, стирает географические и размывает ментальные границы, даря счастье общения в физическом мире, если есть настоящая любовь.

Отметим, что генеральными продюсерами картины выступили Тимур Бекмамбетов и мать Дениса – Оксана Тен. Режиссером выступил южнокорейский режиссер, победитель Венецианского фестиваля Чак Че. Продюсеры сохранили оригинальный сценарий Дениса и не вносили никаких правок. Съемки проходили в Голливуде, городе Лос-Анджелесе, штат Калифорния, в 2019 году. Команда получилась международная, при этом казахстанские профессионалы активно принимали участие в производстве фильма.

Исполнительным продюсером выступил казахстанец Игорь Цай, постпродакшен возглавил обладатель премии за лучший монтаж на фестивале SXSW Роберт Кун. Монтаж и все стадии постпродакшена проходили в Казахстане – их выполняла казахстанская компания из Алматы, которая привлекла к работе молодых отечественных дизайнеров и аниматоров. В фильме были использованы оригинальные треки, написанные Денисом. Озвучивать главные роли были приглашены казахстанские блогеры Биржан Ашим, Ахмад Хельми и Назим Миссанов.

Напомним, в 2018 году Денис Тен оказался в числе финалистов конкурса Screenlife Contest. Он написал сценарий и втайне отправил свою заявку. Screenlife Contest был организован компанией Тимура Бекмамбетова BAZELEVS. Главной наградой конкурса были съемки и продюсирование короткометражного фильма в формате screenlife.

«Денис победил в конкурсе, который проводился нашей студией BAZELEVS. Его работа была интересной, он был приглашен на собеседование. Меня впечатлила не только сама работа, но и он как человек, его открытость, искренность и свет, который от него исходил...»- рассказывал Бекмамбетов.



*В Казахстане, где хватало сильных хоккеистов и конькобежцев, в советские времена не было воспитано ни одного достойного фигуриста, который мог бы послужить ориентиром для того же Тена, не было сильной школы и умелых тренеров. Но его это не остановило.*

Полосу подготовил **Ибрагим АСКАР**



Тоқтарбек ТАҢАТҚАН, «Қытайдың бокс королі»:

# ПАРИЖДЕ ТОП ЖАРУ – БАСТЫ МАҚСАТЫМ

**ОСЫ АЙДЫҢ БАСЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ БАС ҚАЛАСЫНДА БОКСТАН ELORDA-CUP ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРІ ӨТТІ. 10 МЕМЛЕКЕТТЕН ҚАТЫСҚАН ДҮБІРЛІ ДОДАДА ҚЫТАЙ ҚҰРАМАСЫ САПЫНДА 80 КЕЛІ САЛМАҚ ДӘРЕЖЕСІНДЕ СЫНҒА ТҮСКЕН ТОҚТАРБЕК ТАҢАТҚАН ФИНАЛҒА ДЕЙІН ЖЕТТІ. ТУРНИР АЯҚТАЛҒАН СОҢ ОНЫМЕН ӘҢГІМЕЛЕСУДІҢ СӘТІ ТҮСТІ.**

**– Тоқтарбек, Elorda-CUP турнирінің финалына дейін жеттіңіз. Шешуші ұрыста біздің Нұрбек Оралбайға есеңіз кетті. Осы жекпе-жек туралы не айтасыз?**

– Elorda-CUP турниріне жақсы дайындалып келдік. Барлығы ойдағыдай болды. Нұрбек те осал боксшы емес. Өзімнің қойған тактикаларым болған. Бірақ шаршы алаңға шыққан соң күш жағынан сәл өзгеріс болып қалды. Бұған дейін 75 келіде бокстастым. 80 келіде бақ сынаған алғашқы жарысым. Бұл жекпе-жектен кейін әлі маған күш жағынан біраз жұмыс істеуім керек екенін көрдім. Техникам мен боксыма көңілім толады.

Бірінші раундта төрешілер бірауыздан жеңісті Нұрбекке берді. Екінші раундта бес төрешінің екеуі жеңіске мені лайық деп таныды. Үшінші раундта барлық төреші жеңісті маған берді. Қорытынды есепте қарсыласыма 2:3 есебімен жеңіліп қалдым. Бірақ мен өкінбеймін. Себебі бұл ұрыс қателіктерімді көру үшін маған керек болды.

**– Жалпы, турнирде бас-аяғы неше кездесу өткіздіңіз?**

– Турнирде төрт кездесу өткіздім. Бірінші айқаста қазақстандық жас боксшыны басым дауыспен жеңдім. Екінші кездесу маңызды болды. Себебі Дилшодбек Рузметов – әлемдік рейтингте екінші орында тұрған тәжірибелі өзбек боксшысы. Осы жекпе-жектен кейін өзіме риза болдым. Өзімді анық көрдім. Үшінші айқаста Тәжікстан боксшысы, Олимпиадаға қатысқан Шаббос Негматуллоевтан басым түстім. Оның бойы басқаларға қарағанда аласа болғанымен, мығым боксшы екен. Аталған кездесу де ойдағыдай өтті. Техникам мен тактикамды дұрыс қолдандым. Финалда Нұрбекпен айқасқа шыққанымды білесіздер. Бұл кездесуге де көңілім толады.

**– Әңгімеміз басталмай тұрып, қабырғаңыздың ауырғанын айтып қалдыңыз...**

– Қабырғамды Шаббоспен болған жекпе-жекте ауыртып алдым. Оның басы сүзіп кетті ме, соққы тиді ме, аңғармадым. Қатты төбелес болып кетті де, дене қызуымен білмедім. Рингтен түскенде азырақ ауырғанын сездім. Ал финалда Нұрбекпен бокстасқан кезде оның соққысы дәл сол ауырған қабырғама дөп тиіп, қатты ауырсындым.

**– Елордаға Қытай құрамасы сапында 80 келі салмақта сізден басқа боксшылар келді ме?**

– Иә, үш боксшы келді. Бірінші боксшы өзбек Дилшодбек Рузметовтен жеңіліп қалды. Тағы бір боксшы келгеннен кейін қолын ауыртып алып, шаршы алаңға шықпады.

**– Elorda-CUP турнирінде сізден басқа кімдер жүлдеге ілінді?**

– Бұл турнирге Қытайдың ерлер құрамасы 17 боксшымен келді. Арасында бірінші, екінші, тіпті үшінші нөмірлі боксшылар да бар. Жалпы, құрама екі күміс, бір қола медаль жеңіп алды.

**– 2024 жылы Париж Олимпиадасында 75 келі салмақ болмайды дейді білетіндер. Соны естіп 80 келіге өттіңіз бе?**

– Негізі солай. Бір жағынан салмағым да 80 келіде тұрды. Ұстаздармен ақылдасып, артық салмақ қумайық деп шештік. Оның үстіне бойым биік, салмақ қосып, басқалардан басым болсам деп армандайтын едім. Орайы келгеннен кейін ұстаздардан рұқсат алып, бел шешіп кірісіп кеттім. Париж Олимпиадасына дейін әлі екі жыл уақыт бар, бұл салмаққа тез үйреніп кетемін деп ойлаймын. Қадамым да жаман болмаған сияқты, алғашқы жарысымда финалға дейін жеттім.

**– Мен сізді Токио Олимпиадасында көрдім. Онда 75 келі салмақта болашақ Олимпиада чемпионы бразилиялық Эберт Консейсан Соузадан 2:3 есебімен жеңіліс таптыңыз. Барлығы көз алдымызда. Егерде сіз бразилиялықты жеңгенде біздің Әбілхан Аманқұлмен кездесер едіңіз ғой.**

– Иә, солай. Мен Токио Олимпиадасында бірінші жекпе-жекте Үндістан боксшысын 5:0 есебімен жеңдім. Екінші кездесуімде Эберт Консейсанға 2:3 есебімен есе жібердім. Өкінішке қарай, ¼ финалда Әбілхан да сол бразилиялық боксшыдан жеңіліп қалды. Осылайша, екі қазақ боксшысын жеңген Эберт Консейсан Соуза Олимпиада чемпионы атанды.

**– Бокстан Қытайдың ерлер құрамасы соңғы екі Олимпиадада жүлдесіз қалды. Тіпті Токиода жүлдегерлер қатарынан бірде-бір Қытай боксшысын көре алмадық. Мұның себебі неде?**

– Негізі бұл сұраққа ұстаздар жауап беруі керек деп ойлаймын. Ал өз тарапымнан айтатын болсам, нәтиже көрсету үшін біз халықаралық жарыстарға көп қатысуымыз керек. Токио Олимпиадасы алдында пандемияға байланысты біз жоспарлаған жарыстарға шықпадық. Дайындықты дұрыс жасай алмай, тіпті үйде дайындалған кездер болды. Олимпиадаға төрт күн қалғанда бардық. Мен жарыстың екінші күні рингке шықтым.

**– Сізді не үшін «Қытайдың бокс королі» дейді?**

– Алтын белбеуге ие болатын турнирді 2017, 2019, 2020 және 2021 жылдары төрт рет жеңіп алдым. Бұл – өзіңнің мықты екеніңді дәлелдейтін турнир. Олимпиадада ерлер боксында қанша салмақ болады, белбеу де соншама. Ал қалған салмақтарға тек медаль ғана беріледі. «Қытайдың бокс королі» деген белбеуге Қытай чемпионатында үздік болған 8 не 16 боксшы ғана таласуға мүмкіндік алады. Жеңімпазға 50 мың Қытай юані (шамамен 3,5 млн теңге) беріледі.




**«Қытайдың бокс королі» дейтін алтын белбеуге ие болатын турнирді 2017, 2019, 2020 және 2021 жылдары төрт рет жеңіп алдым. Бұл – өзіңнің мықты екеніңді дәлелдейтін турнир. Олимпиадада ерлер боксында қанша салмақ болады, белбеу де соншама. Ал қалған салмақтарға тек медаль ғана беріледі. «Қытайдың бокс королі» деген белбеуге Қытай чемпионатында үздік болған 8 не 16 боксшы ғана таласуға мүмкіндік алады. Жеңімпазға 50 мың Қытай юані (шамамен 3,5 млн теңге) беріледі.**

**– Өзіңіз жайлы мәлімет бере кетсеңіз.**

– 1996 жылы 18 қарашада Қытайдың Алтай өңірінің Тарлан деген ауылында дүниеге келдім. 1-сыныпты бітіргеннен кейін әке-шешеммен қалашыққа қарай көшіп келдік. Сол жерде оқуымды дамыттым. Кейін орайы келіп Мұрат Бошайдың қолына боксқа бардым. Ол кісі – менің алғашқы жаттықтырушым. Ол кезде 11 жаста едім. Мұрат аға мені үйіне алдыртып, өз ұлындай қарады. Төрт жыл тәрбиелеп, өлкелік бокс командасына қазіргі бапкерім Әбдішүкір ағайға тапсырды.

**– Отбасыңыз жайлы айтсаңыз.**

– Әкем Таңатқан саудагер болған кісі, қазір үйде. Анам да үйде. Ата-анамның қолдауын әрдайым сезініп тұрамын. Жақыпбек деген ағам бар. Әке-шешемнің қолында тұрады. Соларға көмектеседі. Мал шаруашылығымен айналысады.

**– Сізді кезінде 2018 жылы Жакартада өткен Азия ойындарына қатысты деп естіп едік. Нәтижесі қандай?**

– 2017 жылы Қытай ойындары өтті. Сол жарыстан кейін біз сырт жақтағы жарыстарға шыға алмай қалдық. Соның әсері болса керек, өкінішке қарай, Азия ойындарында бесінші орын алып қалдым. Рингке 75 келіде шығып, Үндістан боксшысынан ұтылдым.

**– Төрт жылда бір өтетін Қытай ойындары жайлы бұрындары естіп едік. Осы жарыс туралы айтып берсеңіз.**

– Бізде 36 өлке бар. Бұл жарысқа өте қатты мән беріледі. Кіші әлем чемпионаты секілді. Боксшылар арасында үш рет іріктеу өтеді. Содан жеңімпаз атанғандар өз өлкесіне ұпай салып береді.

**– Құрамада сізден басқа қазақ жігіттері бар ма?**

– 92 килодан жоғары салмақта Данабек Байқоныс деген қазақ жігіті бар. Бірінші жарыс күні жеңіске жеткенімен, екінші күні өзбек боксшысынан жеңіліп қалды.

**– Мақсат-жоспарыңыз қандай?**

– Жоспарым – Азия чемпионаты мен Азия ойындарынан жақсы нәтиже шығару. Жалпы, менің арманым – Париж Олимпиадасында топ жарып, халқымды қуантсам.

Әңгімелескен
**Заңғар КЕРІМ**

● МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – «Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС

**Мәулетхан АҚСАНОВ** – Директор
**Заңғар КЕРІМ** – Бас редактор
**Мәдина АСЫЛБЕК** – Бас редактордың орынбасары
**Бек ТӨЛЕУ** – жауапты хатшы
**Ондасын ЕЛУБАЙ** – ШҚО-дағы меншікті тілші
**Едіге ОРАЗ** – тілші
**Әділбек ЫДЫРЫС** – менеджер
**Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ** – есепші

**Редакция мекенжайы:** 010000, Нұр-Сұлтан қаласы
Байланыс тел.: +77023840194
**Алматы қаласында:** Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.
Тел.: 8/727/3784200, 3784202
**• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.**
**• Хат-хабар үшін:** Поштамыздың абоненттік жәшігінің мекенжайы: №2714, 010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Асан қайғы көшесі, 73-үй.
**Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.** Тел.: 8/727/3783646, 3784010

*• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.*
*• «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.*
*• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.*

*Жазылу индексі – 64190*
*• Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г*
*• Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.*
*• Тапсырыс – 951 • Таралымы – 3085 дана*